$$\beta = m\sum_{k=1}^{\infty} k\,\rho^{-k}\mathbf{g}\mathbf{H}^k\mathbf{1}^{\mathrm{t}},$$

собственные векторы Перрона-Фробениуса $(\mathbf{v},\mathbf{u})$ могут быть нормированы таким образом, что $\mathbf{v}\mathbf{u}^{\mathrm{t}} = \mathbf{v}\mathbf{1}^{\mathrm{t}} = 1$. Они вычисляются по формулам

$$\mathbf{u}^{\mathrm{t}} = (1+m)\beta^{-1}\sum_{k=1}^{\infty}\rho^{-k}\,\mathbf{H}^k\,\mathbf{1}^{\mathrm{t}},$$

$$\mathbf{v} = \frac{m}{1+m}\sum_{k=0}^{\infty}\rho^{-k}\,\mathbf{g}\,\mathbf{H}^k.$$

В надкритическом положительно рекурентном случае с $\rho > 1$ и $\beta < \infty$ вероятности вырождения даются через

$$\mathbf{q} = \mathbf{1} - (\rho-1)(1+m)^{-1}\beta\,\mathbf{u}.$$

Общее число потомков для частиц типа i имеет среднюю

$$M_i = (1-h_{i0})(1+m).$$

Рассмотрим положительный рекурентный надкритический случай с $\rho > 1$ и $\beta < \infty$. Приведем утверждения теорем из [1]

Теорема 1. *Дуальный закон размножения будет дробно-линейным распределением*

$$\widehat{f}_i(\mathbf{s}) = \widehat{h}_{i0} + \frac{\sum_{j=1}^{\infty}\widehat{h}_{ij}s_j}{1+\widehat{m}-\widehat{m}\sum_{j=1}^{\infty}\widehat{g}_j s_j},$$

где

$$\widehat{h}_{i0} = \frac{h_{i0}}{q_i},\quad \widehat{h}_{ij} = \frac{h_{ij}q_j}{q_i\rho},\quad \widehat{m} = \frac{1+m-\rho}{\rho},\quad \widehat{g}_j = \frac{g_j q_j m}{1+m-\rho}.$$

Теорема 2. *Преобразование Харриса-Севастьянова будет дробно-линейным распределением*

$$\widetilde{f}_i(\mathbf{s}) = \frac{\sum_{j=1}^{\infty}\widetilde{h}_{ij}s_j}{1+\widetilde{m}-\widetilde{m}\sum_{j=1}^{\infty}\widetilde{g}_j s_j},$$

где

$$\widetilde{h}_{ij} = \frac{1-q_j}{1-q_i}\big(h_{ij} + m g_j (q_i - h_{i0})\big),\quad \widetilde{m} = \rho - 1,\quad \widetilde{g}_j = \frac{m}{\rho-1}g_j(1-q_j).$$

Постановка задачи:

• Что такое контурный процесс? Как получается контурный процесс из генеалогического дерева?

• Определить многотипные контурные процессы для скелето-образующих и обреченных частиц. Обеспечить Марковское свойство для этого контурного процесса.

Основные результаты. Контурный процесс случайного дерева есть представление дерева в виде случайного блуждания. Рассмотрим конечное дерево из рисунка 2 и ее контурный процесс.



Рис.2: Генеалогическое дерево и ее контурный процесс

Объясним как они получаются друг из друга. Дерево имеет высоту равную 5. Каждая точка дерева означает один потомок. В нашем случае их всего 13 штук. Далее мы обводим пунктирной линией это дерево и смотрим сколько шагов сделано вверх (отметим, что шаги влево тоже считаются как шаги вверх). У нас из первоначального старта было сделано 4 шага, и значит, в правой части рисунка чертим 4 прямых линий в виде стрелок. Смотрим далее на дерево и видим, что дальше мы шагнули вниз. Этот шаг мы чертим как наклонную вниз. Дальше 1 шаг вверх и 1 влево вниз по левому рисунку, тогда рисуем 2 шага вверх в виде стрелок. И так продолжаем, пока не пройдем всю пунктирную линию. Таким образом, получается контурный процесс в виде случайного блуждания (экскурсий), как получено на рисунке справа.

Теперь мы хотим получить из полученного контурного процесса обратно начальное генеалогическое дерево. Это происходит следующим образом: в правом рисунке проводим горизонтальную линию единичной высоты, видно что через эту линию наше дерево в виде экскурсий разделилось на 2 поддерева в виде экскурсий. Это означает, что начальная частица дала 2 потомка и эти потомки отображаются в виде прямых вытекающих из начальной частицы, которая отображена вертикальной прямой. Проводим следующую горизонтальную прямую. Эта прямая делит правую экскурсию на 2 подэкскурсий, а левая экскурсия остается не разделенной. В итоге, за это поколение получаются 3 потомка. Это означает, что из правой частицы вытекают 2 потомка. А левая частица производит только один потомок. Продолжая этот процесс мы полностью восстановим начальное дерево.

Также нужно отметить, что все частицы данного дерева имеют *лексикографический порядок*: 0, 01, 011, 0111, 0112, 01121, 01122, 0113, 01131, 02, 021, 022, 0221. Они занумерованы в следующем порядке: начальная частица имеет порядковый номер 0, а потомки этой частицы под номером 0 занумерованы слева направо через 01 и 02, т.е. первый и второй потомок частицы 0. Потомки следующего поколения занумерованы также слева направо в порядке 011 и 021, 022. Эти обозначения в свою очередь означают, что потомок 011 является первым потомком частицы 01, потомок под номером 021 является первым потомком частицы 02, а 022 вторым потомком частицы 02. А потомки следующего поколения занумерованы как 0111, 0112, 0113 и 0221. Последнее четвертое поколение состоит из потомков с номерами 01121, 01122 и 01131.

Теперь расскажем о контурных процессах порожденных из деревьев Гальтона-Ватсона с несколькими типами частиц. Показываем, что в многомерном дробно-линейном случае, контурные процессы (см.[4]) имеют красивую Марковскую структуру постоянной скорости спуска с независимыми и одинаково распределенными прыжками вверх.

Для текущих дробно-линейных процессов Гальтона-Ватсона важно использовать частную версию генеалогических деревьев: с учетом группы братьев и сестер вытекающих из той же частицы, *левая ветвь* должна связывать мать с ее *первым потомком* (что ее тип может зависеть от типа матери).

Рисунок 3 иллюстрирует простое определение контурного процесса для конечного дерева сопровожденное путем вокруг дерева. Контурный процесс - это колебательный линейный график (панель B), представляющий высоту расположения виртуального вождения автомобиля с постоянной скоростью вдоль пути, изложенной на панели A. Заметим, что x-ось на панели A вводит только различие среди разных ветвей на таком же уровне, следовательно, скорость машины обозначена вдоль y-оси. Полученный контур на панели B дерева на панели A является экскурсией случайного блуждания, начало и конец которого на уровне -1. Даже если реализация генеалогического дерева бесконечна, можно еще работать с контурными процессами после разрезания ветвей выше уровня n, соответствующий времени наблюдения, как показано на Рисунке 3.

Как мы уже упомянули выше, легко восстановить дерево на панели A из контурного процесса на панели B. Как мы говорили, все дерево A представлено экскурсией B начало и конец которого на самом нижнем уровне -1. Движущийся нижний уровень от -1 к 0 разделяет дерево A на 3 поддеревья вытекающие из 3 дочерей прародителя. В то же время, экскурсия B становится разделенным на 3 подэкскурсий, начало и конец которого на уровне 0. Исходя из этого двигаясь вверх от нижнего уровня и наблюдая за тем как экскурсии, разложенные на подэкскурсий, позволяют нам полностью восстановить историю ветвления оригинального генеалогического дерева.



Рис.3: **A**: дерево Гальтона-Ватсона (жирная линия) остановливается на уровне $n=5$ и сопровождается контурной (пунктирной) линией. **B**: соответствующий развернутый контурный процесс. **C**: другой вид того же дерево изображенное в терминах инвидуумов формирования ветвящегося процесса с перекрывающимися поколениями. Вершины отмечены стрелками представлящие индивидуумов, которые мертвые к тому времени. Остановленное дерево не дает информацию о судьбе трех вершин. **D**: модифицированный контурный процесс постоянной скорости спуска с независимо и одинаково распределенными прыжками вверх.

Подход контурного процесса оказался очень полезным в теорий ветвящихся процессов (см. например [5] и ссылки в ней). В однотипном дробно-линейном случае контурный процесс имеет простую структуру переменного случайного блуждания. Переменяющийся вверх и вниз отрезки имеют независимую длину сдвинутого геометрического закона имеющие средние h_0^{-1} для отрезков вверх и среднее $(1+m)/m$ для отрезков вниз.

В многотипных дробно-линейных процессах, можно обеспечить Марковское свойство контурного процесса

Теорема 3. *Контурный процесс многотипного дробно-линейного процесса является Марковской цепью с переходными вероятностями*

$$\mathrm{P}\{(l,i)\to(l+1,j)\}=h_{ij},\qquad \mathrm{P}\{(l,i)\to(l-1,0)\}=h_{i0},$$
$$\mathrm{P}\{(l,0)\to(l+1,j)\}=\frac{m}{1+m}g_j,\quad \mathrm{P}\{(l,0)\to(l-1,0)\}=\frac{1}{1+m},$$
$$\mathrm{P}\{(-1,0)\to(-1,0)\}=1,$$

для всех $i\geq 1,\ j\geq 1, l\geq 0$.

Доказательство: Вводим дополнительные маркировки вершин в контурной линий. Каждая вершина будет отмечена парой целых чисел (l,i) с $l\geq -1$ и $i\geq 0$. Текущее состояние (l,i) с $l\geq 0, i\geq 1$ дает 3 информаций о контурных процессах: текущий уровень l, до этого уровня был шаг вверх и основная частица типа i. Если контурный процесс на вершине отмеченный $(l,0)$, тогда его текущий уровень снова l, но в этот раз мы знаем, что этот уровень был достигнут после того как шагнул вниз. Маркированный таким образом контурный процесс (если не считать первый обязательный переход с уровня -1 к уровню 0) является Марковской цепью.

Следующий альтернативный способ введения Марковской структуры в контурном процессе дробно-линейного многотипного ветвящегося процесса не требует дополнительной маркировки. Это получается при помощи так называемого *прыжкового контурного процесса* (см. [4]). Этот процесс имеет траекторию постоянной скорости спуска с независимыми прыжками вверх, каждая из которого распределена как длина жизни индивидуума L. Процесс начинается с уровня -1 с мгновенным прыжком и происходит следующим образом. Из всякого текущего уровня l прыжковый контурный процесс переходит на один уровень вниз к $l-1$ и либо оседает там с вероятностью $\frac{1}{1+m}$, либо с вероятностью $\frac{m}{1+m}$ переходит уровню k до перехода к уровню $k+l-1$. Рисунок 3.D наглядно иллюстрирует последнюю конструкцию.

Приступим к основной цели этой работы, определим контурные процессы для скелето-образующих и обреченных частиц. Рассмотрим многотипные контурные процессы для скелето-образующих и обреченных частиц.

Теорема 4. *Многотипные контурные процессы для скелето-образующих и обреченных частиц являются Марковскими цепями с соответствующими переходными вероятностями*

$$\mathrm{P}\{(l,i)\to(l+1,j)\}=\frac{1-q_j}{1-q_i}\big(h_{ij}+mg_j(q_i-h_{i0})\big),\quad \mathrm{P}\{(l,i)\to(l-1,0)\}=0,$$

$$\mathrm{P}\{(l,0)\to(l+1,j)\}=\frac{m}{\rho}g_j(1-q_j),\quad \mathrm{P}\{(l,0)\to(l-1,0)\}=\frac{1}{\rho},$$

$$\mathrm{P}\{(-1,0)\to(-1,0)\}=1,$$

и

$$\mathrm{P}\{(l,i)\to(l+1,j)\}=\frac{h_{ij}q_j}{q_i\rho},\quad \mathrm{P}\{(l,i)\to(l-1,0)\}=\frac{h_{i0}}{q_i},$$
$$\mathrm{P}\{(l,0)\to(l+1,j)\}=\frac{m}{1+m}g_jq_j,\quad \mathrm{P}\{(l,0)\to(l-1,0)\}=\frac{\rho}{1+m},\quad \mathrm{P}\{(-1,0)\to(-1,0)\}=1,$$

для всех $i\geq 1,\ j\geq 1, l\geq 0$.

Доказательство: Рассмотрим контурный процесс для обреченных частиц. Отмечаем вершины контурного процесса парами целых чисел (l,i) с $l\geq -1$ и $i\geq 0$.

Текущее состояние (l,i) с $l \geq 0, i \geq 1$ означает следующее: на текущий уровень l, мы пришли снизу и тип этой частицы i. Если контурный процесс на вершине отмечен как $(l,0)$, тогда снова его текущий уровень l, но сейчас этот уровень был достигнут сверху. Первый переход с уровня -1 к уровню 0 считается обязательным. Но если не будем учитывать этого, то этот контурный процесс будет Марковской цепью. А в случае скелето-образующих частиц, также аналогично отмечаем вершины контурного процесса через (l,i) с $l \geq -1$ и $i \geq 0$ и получим Марковскую цепь.

В первом случае, так как частица типа i не производит потомка с нулевой вероятностью, мы вниз по контурному процессу идем тоже с нулевой вероятностью. Это еще раз показывает то, что скелето-образующие частицы имеют бесконечное генеалогическое дерево и контурный процесс с бесконечной глубиной.

1. Sagitov S. and Shaimerdenova A.K. Decomposition of Supercritical Linear-Fractional Branching Processes. *Applied Mathematics* **4 (2)**: 352-359, 2013.
2. Athreya K. and Ney P. *Branching processes,* John Wiley & Sons, London-New York-Sydney, 1972.
3. Sagitov S. Linear-fractional branching processes with countably many types. *Stoch. Proc. Appl.* (submitted), 2013.
4. Lambert A. The contour of splitting trees is a Levy process. *Ann. Probab.* 38: 348-395, 2010.
5. Geiger J. and Kersting G. Depth-first search of random trees, and Poisson point processes. In *Classical and Modern Branching Processes* (Minneapolis, MN, 1994). IMA Math. Appl. 84: 111-126. Springer, New York, 1997.

ӘОЖ 372.800.4.02

Ш.Т. Шекербекова

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ ТҰРҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ

(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

Бұл мақалада болашақ информатика мұғалімдерін даярлау туралы мәселелер қарастырылады. Құзырлылық тұрғы негізінде «мәліметтер қоры» курсын студенттерге оқыту әдістемесі келтіріледі. Педагогикалық ғылымдардағы «құзыр», «құзырлылық» ұғымдарына түсінік беріледі, мәліметтер қорын оқыту барысында қалыптасатын ақпараттық құзырлардың негізгі құрайтын бөлігі келтірілген.

В статье рассматриваются вопросы подготовки будущих учителей информатики. Приводится методика обучения студентов курсу "Базы данных", на основе компетентностного подхода. Дается понимание понятий - «компетенция», «компетентность» в педагогической науке, приведены основные составляющие информационных компетенций при обучении базам данных.

In article questions on preparation of the future teachers of computer science are considered. The technique of training of students to the "Database" course, on a basis competence based education the approach is resulted. The understanding of concepts - "competence", " competentis" of a pedagogical science is given, the basic components information are resulted at training to databases.

Түйін сөздер: мәліметтер қоры, құзыр, құзырлылық, құзырлылық тәсіл, ақпараттық құзырлылық.

Ключевые слова: базы данных, компетенция, компетентность, компетентностный подход, информационные компетенции.

Keywords: database, competence, competence, competence-based approach, information competencies.

Бүгінгі күні елімізде ақпараттық қоғамға өту үдерісін іске асырудың негізгі компоненттерінің бірі, яғни ақпаратты алу, өңдеу, тарату мен тасымалдау әрекеттерін жүзеге асыратын бірден-бір себеп, ол ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың күннен-күнге арта түсуі.

Қоғамның дамуы адам іс-әрекетінің ажырамас бөлігі болып келе жатқан компьютер әлемімен тығыз байланысты. Компьютер және оның программалық қамтамасыз етілуі әрбір тұлғаның өміріне үлкен мүмкіндіктерін ұсына отырып еркін енуде. Осыған орай негізгі идеясы мәліметтер қоры тұжырымдамасына негізделген жаңа ақпараттық технологияның пайда болуына көп назар аударылуда. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, ақпараттық технологияның негізі өзгермелі нақты әлемнің бара–бар бейнесін және пайдаланушылардың ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатындағы *мәліметтер қорында* ұйымдастырылуы тиіс *мәліметтер* болып табылады.

Сонымен қатар, әртүрлі программалау түрлерін талдау мәліметтер қоры программалау аппаратының ажырамас бөлігі екендігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді [1]. Қарапайым процедуралық ортадан бастап және объектілі-бағытталған ортаға дейін, программалаудың әртүрлі жүйесімен жұмыс, мәліметтер қоры (МҚ) және ақпараттық жүйе (АЖ) туралы білімнің бірізді жинақталуын көрсетеді.

Әрбір адамның өміріне терең енген қазіргі компьютерлік техника; қазіргі қоғам талабына сай адам ойының дамуы; жаңа ақпараттық технологияны енгізу және әртүрлі жоғары деңгейдегі программалық қамтамасыз ету – осының барлығы, қазіргі таңда мәліметтер қорына, сондай-ақ осы ұғымға информатика курсының барлық мәселелері негізделетіндіктен ерекше назар аудару қажеттілігінің себебі бола алады.

Соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияның әрі қарай дамуына сәйкес, реляциялық мәліметтер қорына ерекше назар аударылады. Ақпараттық технологиялар төңірегінде әртүрлі реляциялық мәліметтер қорына сұраныстың күшеюі қазіргі информатика курсының мазмұны құрылатын мәліметтер қоры тұжырымдамасын береді [Relational DBMS …, 1994].

Жоғарыда айталғандардың негізінде, сонымен қатар программалау парадигмаларын талдаудан келесідей: «*мәліметтер қорын оқыту, сонымен қатар кәсіби білім беруде информатиканың жалпы білім беретін компоненті ретінде қарастырылуы тиіс*» деген тұжырым жасауға болады [2].

Қазіргі таңда мәліметтер қоры және мәліметтер қорын басқару жүйесі (МҚБЖ) пайдаланушыларын дайындау мәселесіне де назар аударылуда. Осыған байланысты мәліметтер қорының теориясына деген қызығушылық, оқу орындарында мәліметтер қорларын жүйелендірілген, жан-жақты үйрену, мектептер мен жоғары оқу орындары үшін болашақ информатика мұғалімдерді, оқытушыларды құзырлылық тәсіл негізінде дайындаудың қажеттілігі артады.

Сондықтан дайындаған оқыту әдістемесінде болашақ информатика мұғалімдерін МҚ құру және пайдалану негіздерін оқытуға ерекше назар аударылған.

Жоғарыда айталғандардың негізінде келесідей тұжырымдар жасауға болады:

- МҚ тұжырымдамасы ақпараттық технологияның басты іргетасы болып табылады. Оқушыларды және студенттерді мәліметтер қорын құру және пайдалану негіздерімен таныстыру ақпараттық ғылымда жаңа бағытты меңгерудің қажетті шарты болып есептеледі;

- мәліметтер қорын құру және пайдалану үдерісі әртүрлі программалау жүйелерінде жасалатын ақпараттық жүйені құру мен тиімді жұмыс жасаудың негізін қалаушы ретінде қызығушылық туғызады;
- МҚ теориясымен байланысты бірқатар ұғымдар *информатиканың басқа мәселелерін меңгерудің негізі* болып табылады және *бұрыннан бар білім, білік және дағдыны жүйелеуге* көмектеседі. Мәліметтер қоры екі аспект ретінде қарастырыла отырып, ғылыми және оқу пәні ретінде информатиканың ұғымдық бөлімін сипаттайды.

Ақпараттық қоғам құру, онымен байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың біздің өмірімізге етене енуі, білім беру жүйесін ұйымдастыруға жаңаша көзқарасты талап етіп, ақпараттық қоғам талабына сай білімді ұрпақ тәрбиелеу, яғни өз қызметінде ғылыми-техниканың соңғы жетістіктерін оңтайлы пайдалана білетін кәсіби құзырлы педагог маман дайындауды қажет етеді.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін жетілдірудің негізінде құзырлылық тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзырлылық, яғни нәтижеге бағытталған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Құзырлылық ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзырлылық оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылырдың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді [3]. Құзырлылық – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзырлылық тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, білім беру жүйесіндегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзыр» және «құзырлылық» ұғымдарын білім беру жүйесіндегі педагогикалық тәрибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Шетел сөздерінің қысқаша сөздіктерінен «құзырлы», латын тілінде *competens, competentis* сөздерінің қазақша мағынасы қабілетті - анықталған аймақта жетекші, білуші; өз білімі деңгейінде бір нәрсені шешу немесе талқылау статусы бар дегенді білдіреді.

Әдебиеттерді талдау көрсетіп отырғандай, құзырлылыққа бағытталған білім беру (құзырлықтарға негізделген білім беру: *competence-based education - CBE*) шартты түрде CBE-тәсілдің білім беруде қалыптасуына мүмкіндік болады.

Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады [4]. Білім берудегі құзырлылық тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды болады. Осы зерттеу жұмысының шеңберінде құзырлылық тұрғысы нақты пәнді – *мәліметтер қорын* оқыту үшін негіз ретінде алынды.

Енді болашақ мұғалімнің ақпараттық құзырлылық деңгейін қалыптастыру мен оның өсу траекториясының мүмкіндіктерін кәсіби құзырлылық тұрғысынан қарастырайық. Мұғалімнің кәсіби құзырлылығы алға қойылған міндеттерді саналы түрде шешуді және құзырлылығы дамыған педагог болып қалыптасудың критерийін қамтамасыз ететін құрал болып табылады. Кәсіби құзырлылық өзіне теориялық, әдіснамалық, мәдениеттанушылық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік, технологиялық дайындықты қамтитын жалпыланған өнімді педагогикалық іс-әрекетке бағытталған жеке тұлғалық білім болып табылады. Құзырлылығы қалыптасқан педагогты дайындауда құзырлылықтың үш түрін ерекшелеп алуға болады: *кілттік, базалық және арнайы.*

Кілттік құзырлылық – бұл әлеуметтік, өнімді іс-әрекет үшін кез келген маманға қажетті адамның жалпы құзырлылық.

Базалық құзырлылық – бұл белгілі бір кәсіби сала бойынша қалыптасатын құзырлылық.

Арнайы құзырлылық – бұл нақты мәселені немесе кәсіби міндеттерді шешуге қажетті нақты педагогикалық әрекетті орындауға арналған құзырлылық.

Бұл құзырлылықтың барлығы болашақ информатика мұғалімдерін мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер саласы бойынша дайындау жүйесінде келесі түрде болулары қажет:

• кілттік құзырлылық – мәліметтер қорын құру және пайдалану саласында шығармашылық түрде есептерді шешуге мүмкіндік беретін, интеллекттік даму деңгейін білдіретін жеке тұлғалық сапасынан тұрады;

• базалық құзырлылық – ақпараттық жүйелер саласы бойынша болашақ информатика мұғалімдерінің бойында терең білімінің, заманауи және тиімді әдістерінің техологиялары және дағдыларының бар болуы;

• арнайы құзырлылық – кәсіптік іс-әрекетінің мазмұнын анықтау барысында жете түсінуді қамтамасыз ететін, болашақ информатика мұғалімдерінің мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер, информатикамен байланысты пәндердің және аралас ғылымдар бойынша терең білімдерінің бар болуы.

Мәліметтер қорын оқыту барысындағы қалыптасатын ақпараттық құзырлардың негізгі құрайтын бөлігін келесі түрде көрсетуге болады.

Құзыр	Қалыптасатын біліктілік
Ақпараттармен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру	Ақпараттарды жүйелеу, талдау және таңдау (сұрыптаудың әр түрлері, фильтрлер, сұраныстар, мәліметтер қорын жобалау және т.б.)
Әртүрлі ақпараттармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру	Дайын мәліметтер қорымен жұмыс істеу
Әр түрлі пәндер бойынша оқу есептерінің кең түрін шешу үшін ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану біліктілігі	Еңбекке қажетті мамандықты меңгеруде, оқуда, жеке және ұжымдық жобаларды орындау барысында объектілердің және процестердің қарапайым моделін, ақпараттық объектілерді құру

Мәліметтер қоры бойынша құзырларды құрайтын білімдердің тізімі**:** ақпарат құрылымы, пәндік сала, жіктелуі, мәліметтер қоры, МҚБЖ, жазба, өріс, кілттік өріс, іздеу, сұрыптау, фильтрация, конструктор.

Мәліметтер қорын оқыту барсындағы құзырға жататын біліктіліктер және дағдылар: пәндік сала ақпаратын құрылымдау, өзара байланысты анықтау, МҚБЖ жұмыс істеу, мәліметтер қорының құрылымын жасау, мәліметтер қорының негізгі объектілерімен жұмыс істеу.

Таңдап алынған нақты объектілерге қатысы бойынша қызметтің әдістері: Жинау, ақпаратты өңдеу (талдау, синтездеу), салыстыру, заңдылықтарды бөлу, өнімдерді жасау.

Бұл зерттеу жұмысының нақты міндеті информатика мұғалімдерінің кәсіби құзырлығының қалыптасуына және дамуына ықпал жасайтын болашақ информатика мұғалімдеріне мәліметтер қоры негіздерін құзырлылық тәсіл негізінде оқытудың әдістемесін жасау болып табылады.

Қазіргі заманғы информатика пәні мұғалімін құзырлылық тұрғысында дайындаудың қажеттігі уақыт талабымен ғана емес, сондай-ақ информатика пәнінің өзінің инновациялық сипаттарынан туындап отыр. Сонымен бірге, информатиканың мазмұнының динамикалық дамуымен, пәнаралық байланыстарымен, жаңашылдылығымен, потенциалының дамуымен байланысты болады. Осы зерттеу жұмысы болашақ информатика пәнінің мұғалімін құзырлылық тұрғысы логикасында дайындау мәселелеріне арналды. Нақты зерттеу жұмысы үшін мәліметтер қоры негіздерін оқыту таңдалып алынды, ол мұғалімді дидактика тұрғысынан болсын, оқыту әдістемесі тұрғысынан болсын дайындауда маңызды болып табылады.

1. Шведский М.В. Методическая система фундаментальной подготовки будущих учителей информатики в педагогическом вузе в условиях двухступенчатого образования.: дисс. ... докт. пед. наук.-Спб., 1994.-446 с.
2. Фрейман В.Э. Методика обучения школьников использованию баз данных при изучении основ информатики // Дисс. … кандидата педагогических наук.-М., 1990.-190 б.
3. Зимняя И.А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата образования//Высшее образование сегодня.-2003.-№5.-С.34-42.
4. Шекербекова Ш. Т. Болашақ информатика мұғалімдеріне мәліметтер қорын оқыту барысында кәсіби құзырлылығын қалыптастыру // Білім берудегі менеджмент. - 2010. - № 4 (59). - Б. 303-309.

ӘОЖ 378.016.02:004.438

Ш.Т. Шекербекова

ПРОГРАММАЛАУ ПӘНІ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЕСЕПТЕР ЖҮЙЕСІН ҚҰРАСТЫРУ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Бұл мақалада студенттерге программалау пәнін оқытуда арнайы құрастырылған есептер жүйесі негізінде болашақ кәсібіне бағыттап даярлау мәселесі қарастырылады. Программалау пәні бойынша арнайы құрастырылған есептер жүйесі студенттердің логикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Есептер жүйесіне және программалау пәні бойынша арнайы құрастырылған есептер жүйесіне талдау келтіріледі. Білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған, программалау пәні бойынша есептер жүйесін құрастырудың шарттары ұсынылады. Сонымен қатар, программалау пәні бойынша электрондық есептер жинағын құру қарастырылады.

В статье рассматривается проблема ориентированной подготовки студентов к будущей специальности на основе системы задач, специально составленных для обучения программированию. Система, специально составленных задач по программированию, помогает развивать логическое мышление студентов. Приводится анализ системы задач и системы задач, специально составленных по предмету программирование. Предложены требования к составлению системы задач по предмету программирования, направленных на развитие логического мышления обучающихся. Кроме того, рассматриваются вопросы составления электронных задачников по предмету Программирование.

The article considers the problem of preparing students for their future specialty on the basis of a system of problems designed specifically for teaching Programming subject. The system of problem designed specifically on Programming subject provides students with development of their logical thinking. A system of problems and the system of problems designed specifically on Programming subject are analyzed. The requirements for designing a system of problems on programming aimed at development of students' logical thinking are proposed. Besides, the process of designing electronic books of problems on programming is considered.

Түйін сөздер: программалау, есептер жүйесі, логикалық ойлау,
Ключевые слова: программирование, система задач, логическое мышление
Keywords: programming, system of problems, logical thinking

Мұғалімнің кәсіби қызметі үшін дербес және сыни ойлау, қажетті ақпаратты іздестірудегі белсенділік, әдеттен тыс шешімдерді ұсыну қабілеті тәрізді аса маңызды тұлғалық сипаттамалардың маңыздылығын көрсетеді. Бұл сипаттамалардың барлығын тұлғаның логикалық ойлау белгілері ретінде қарастырып отыруға болады. Бұл студенттерді жоғары оқу орнында оқыту кезеңіндегі логикалық ойлауын қалыптастыру мен дамытудың қажеттігін көрсетеді. Студенттердің дүниетанымын қалыптастыру, олардың ойы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі, олардың логикалық ойлау қабілетін дамыту бойынша жұмыс жүргізу болып табылады. Студенттердің жеке басының қасиеттері жайлы айта отырып мынаны сөз етпей кетуге болмайды, ғалымдардың зерттеулері бойынша танып-білуге деген талпыныс және ойдың даму деңгейі қазіргі заманның білім алушылары үшін аса маңызды болып келеді.

Сондықтан, информатика мамандығының студенттерінің логикалық ойын дамыту ерекшеліктері информатика саласының жалпы ғылыми жүйесінде алып отырған ерекше орнымен байланысты болып келеді. Ой тәуелсіздігін дамытудың жоғары деңгейі студент үшін ерекше маңызды болып келеді [1]. Информатиканың ғылым ретінде қарқынды дамуы, бағдарламалық және аппараттық жасақтаманың қарқынды дамуы, ақпарат көздері түрлерінің көбеюі, сондай-ақ қазіргі заманғы қоғамның тіршілік әрекетінің барлық салаларының ақпараттандырылуы студенттердің кәсіби қызметінің тек әдістемелік қана емес, сондай-ақ пәндік тұрғыда үнемі өз-өзін жетілдіру және өз бетімен білім алу қажеттігімен тұтасып отыратынына себеп болуда. Оған қоса, студенттердің логикалық ойын дамыту кезінде ойлау қызметінің оралымдылығы мен саналылығына ерекше көңіл бөлу қажет [2]. Бұл қабілетті біз информатика ғылымы нысанының – ақпараттың, ақпараттық процестер мен технологиялардың ерекшелігіне орай бөліп атап отырмыз.

Программалау пәні бойынша есептер жинағы логикалық ойдың бірқатар қасиеттерінің дамуына, демек, тұтастай ойдың логикалық деңгейінің артуына әсерін тигізеді. Сонымен қатар белгілі болғандай, студенттердің логикалық ойын дамыту үшін мұндай міндеттерді, ойдың қасиетіне ықпал ету мақсатқа лайықты және жүйелі түрде орын алып отыруы тиіс, яғни жеке қасиеттердің дамуына ықпалын тигізетін міндеттер жүйеде қолданылып отыруы тиіс. Сондықтан логикалық ойлауды дамытуға арналған есептер жүйесін құрып, және соны қолдану технологиясын сипаттап берудің қажеттігі туындайды, аталған технология логикалық ойдың әрбір қасиетіне жеке-жеке түрде, сондай-ақ олардың тұтастай жиынтығына әсер етіп отыру қажет деген принципке негізделеді.

Программалау пәні бойынша логикалық ойды дамытуға арналған есептер жүйесін құрудың шарттарын келтіреміз, алайда алдымен есептер жүйесі және программалау пәні бойынша есептер жүйесі ұғымдарын талдауға тоқталамыз.

Оқу үрдісінде Г.И.Саранцев жаттығулар белгілі бір жүйеде ұсынылған жағдайда кім орындай алады деп тұжырымдайды және өз еңбегінде математика бойынша жаттығулар жүйесінің негізгі компоненттерін сипаттайды [3]. Ол атаған компоненттердің арасынан жаттығуларды орындау мақсаттарын, оқушылардың ақыл-ой қызметін, ұйымдастыру формаларын және жаттығуларды орындаудың реттілігін бөліп атап кетуге болады.

Н.И. Рыжова өз ғылыми зерттеулерінде информатика бойынша есептер жүйесінің теориялық үлгісі құрастырылған, мұнда төмендегідей өзара байланысқан және өзара әрекеттесетін элементтер бар:

- есептер жүйесін қолданудың ішкі мақсаттары;
- өзіне информатиканы оқытудың мазмұны енгізілген есептер жүйесінің мазмұны;
- оқыту әдістері (білім алушылардың ақыл-ой қызметі үшін жауапты есептер жүйесінің компоненті ретінде);
- есептерді орындау реттілігі, оларды білім алушылардың орындау тәртібі;
- есептерді шешуге үйретудің ұйымдастыру формалары;
- есептерді шешуге арналған оқыту құралдары (мұндай құралдарға компьютер мен арнайы бағдарламалық жасақтама жатады);
- оқытудың күтілетін нәтижелері [4].

Біздің зерттеуіміздің мақсаты программалау пәні бойынша есептер жүйесін құру болып табылады, оны қолдану болашақ информатика пәні оқытушыларының ой өнімділігін дамытуды қамтамасыз ететін болады. Мұндай жүйенің негізіне Н.И.Рыжованың зерттеуінде ұсынылған информатика бойынша есептер жүйесінің компоненттік құрамын жатқызған мақсатқа лайықты болып келеді. Сондықтан білім алушылардың логикалық ойын дамытуға бағытталған міндеттер жүйесінің әрбір компонентін толығырақ қарастырайық.

Есептер жүйесін қолданудың мақсаттары логикалық ойдың әрбір қасиетін жеке түрде дамытуға, олардың жиынтығын дамытуға, және соның салдары ретінде, болашақ информатика пәні оқытушыларының логикалық ойын программалау саласының материалы арқылы дамытуға негізделген.

Есептер жүйесінің мазмұны информатиканы оқытудың мазмұнымен белгіленеді, мұндай мазмұнды тиісті мамандық бойынша жоғарғы кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген тақырыптардың тізімін түсінуге болады. Және біздің зерттеуімізде әңгіме болашақ информатика пәні мұғалімдерінің жоғары оқу орнында бастапқы оқу кезеңіндегі ойын дамыту жайлы болып отырғандықтан есептер жүйесінің мазмұны негізінен Программалау пәні бөлімдерінің мазмұнымен сипатталатын болады. Аталған пәннің бөлімдерінен бастапқы негізгі тақырыптарды тізімдеп келтіруге болады.

- бағдарламалау жүйесі;
- программа құрылымы. Енгізу-шығару операторлары
- айнымалылардың алдын ала анықталған типтері (қарапайым)
- орындалатын операторлар – меншіктеу, таңдау операторы
- тармақталған алгоритмдерді программалау
- циклдық алгоритмдерді программалау – FOR, WHILE, REPEAT операторлары
- мәліметтердің құрылымдық типтері (бір өлшемді массивтер)

- Pascal-дағы мәліметтердің қолданушы типтері
- мәліметтердің құрылымдық типтері (көп өлшемді массивтер)
- символдық айнымалылар мен жолдарды өңдеу.

Бұл келтірілген тақырыптар, студенттердің программалау пәні бойынша алғашқы үйренетін тақырыптары негізінде алынып отыр. Сонымен қатар, есептер жүйесінде пәннің көптеген бөлімдері шеңберіндегі есептер ұсынылып отыруы тиіс, оған қоса әрбір есеп тиісті бөлім шеңберіндегі программалау бойынша программа құру дағдысын қалыптастыруға немесе дамытуға, сонымен қатар студенттің логикалық ойының бір немесе бір топ қасиеттерін дамытуға арналған болуы тиіс.

Негізгі оқыту әдісі ретінде мақсатқа лайықты түрде іріктеліп алынған шарттар (міндеттер әдісі) таңдалған, оның мәні мынада:

- оқытушының қызметі есептер жүйесін құруға негізделген, оның үстіне жүйенің әрбір міндетін орындау алдыңғы міндетті орындауға негізделіп отырады;
- білім алушылардың қызметі оқытушы баяндаған қайсыбір проблемалық жағдаятты шешуден құралады;
- есептер жүйесі оқытушының білім алушылармен өзара әрекеттесуіне негізделеді.

Жүйенің есептерін орындау реттілігі курстың бөлімдерін ішкі (оқу) логикасымен, сондай-ақ есептер жүйесін қолдану әдістемесімен белгіленеді.

Есептерді шешу үшін оқытудың ұйымдастыру формалары қолданылады – бұл жоғары оқу орнындағы оқытудың дәстүрлі формалары, (бұл) зертханалық жұмыстар, есептерді шешу бойынша практикумдар, студенттермен жүргізілетін бақылау жұмыстары (жүргізу), жекелеген студенттермен (жеке түрде) жұмыс жүргізу, өзіндік жұмыс және т.б. (оқытушының басшылығымен жүргізілетін жұмыстар)

Оқытудың күтілетін нәтижелері есептер жүйесін қолдану мақсаттарымен тікелей байланысты және оларды келесі түрде сипаттауға болады:

- тиісті білім саласында білімдерін, шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру;
- студенттердің логикалық ойлауын (ойын) дамыту.

Сонымен қатар, айта кететіні, логикалық ойлауды дамытуға арналған программалау пәні бойынша есептер жүйесі мұндай қайсыбір инваринат ретінде шығып отыратын бірқатар шарттарды ескерумен құрылуы тиіс, себебі уақыт өте келе және бұдан арғы уақытта информатика ғылымы дамыған сайын міндеттер жүйесінің мазмұндық бөлімі өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Дегенмен де біздің пікірімізше, егер өзекті мазмұнға ие есептер жүйесін құру кезінде негіз ретінде ұсынылған шарттарды алатын болсақ, онда есептердің жаңа жүйесін қолдану білім алушылардың логикалық ойын дамытуға қатысты ықпалын қамтамасыз етіп отыратын болады.

Енді логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған есептер жүйесін құрудың шарттарын келтірейік.

Бірінші есептерді саралап жіктеу шарты. Логикалық ойды дамытуға бағытталған программалау бойынша есептер жүйесінде сол не өзге есептің нені (дағдыларды, ойлау қасиеттерін) қалыптастыруға немесе дамытуға бағытталуына қарай үш деңгейді бөлу керек деп көздейді. Бірінші деңгейге репродуктивті есептер жатады, оларды шешу барысында студенттердің өтіп жатқан тақырып бойынша базалық жұмыс дағдылары қалыптасады. Екінші деңгейге есептерді шешу барысында дағдыларды дамытумен қатар логикалық ойдың жекелеген қасиеттерін (тереңдігін, оралымдылығын, саналылығын, тұрақтылығын) дамытып отыруға мүмкіндік беретін міндеттерді жатқызуға болады. Үшінші деңгейге логикалық ойдың жүйе құраушы қасиеті ретінде ойдың тәуелсіздігін дамытуға арналған, және соның салдары ретінде шешуші субъектінің тұтастай логикалық ойын дамытатын программалау пәні бойынша міндеттер жатады.

Көрнекілік дәрежесін және логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған программалау пәні бойынша есептер жүйесінде компьютер көмегімен шешуге арналған есептер және теориялық шешуге арналған есептер ұсынылуы тиіс.

Логикалық ойдың дамыған қасиеттерінің үйлесімін және программалау пәні бойынша есептер жүйесінде логикалық ойды дамытуға арналған жекелеген қасиеттерді, сондай-ақ олардың үйлесімін дамытуға арналған есептер ұсынылуы тиіс деп көзделеді. Бір есеп шеңберінде логикалық ойдың екі, үш, төрт түрлі қасиетін дамыту жайлы болып табылады. Мұндай міндеттердің жүйесін қолдану ойды дамыту процесін анағұрлым тиімді етуге мүмкіндік береді.

Екінші логикалық ойдың қасиеттерін толық қамту шарты. Логикалық ойды дамытуға арналған программалау пәні бойынша есептер жүйесінде ойдың аталған қасиеттерінің әрқайсысын - тереңдігін, оралымдылығын, орнықтылығын, саналылығын, тәуелсіздігін дамытуға арналған міндеттер жиыны болуы тиіс. Есептерді қолдану жағдайында ойдың қасиеттерін дамыту бірқалыпты түрде қамтамасыз етіліп отыруы тиіс, бірде-бір қасиет назардан тыс қалмауы тиіс. Тек осындай шарт орындалған жағдайда ғана әңгіме студенттердің тұтастай логикалық ойын дамыту жайлы болып отыруы мүмкін.

Осылайша, логикалық ойды дамытуға арналған есептер жүйесіне дәстүрлі, сондай-ақ дәстүрлі емес түсіндірмеге ие, жоғарыда аталған ойлау қасиеттерінің әрқайсысын дамытуға арналған міндеттер енуі тиіс, сондай-ақ олардың сан-алуан түрлі деңгейі мен әр түрлі дәрежедегі көрнекілігі ескерілуі қажет болып табылады.

Программалау пәні бойынша есептерді шығаруды үйрету құралдары ретінде компьютер мен тиісті бағдарламалық жасақтаманы атап кеткен дұрыс. Программалау бойынша логикалық ойды дамытуға арналған есептер жүйесін құрастырудың шарттарын ескеріп, есептер жүйесін дайындаған соң, оның электрондық нұсқасын жасауды ұсынамыз.

Осы ретте айта кететін жағдай, білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – оқыту үдерісін ақпараттандыру. Осы аталған бағытты жүзеге асыру үшін жаңа буын оқулықтарын - электрондық оқулықтар мен оқу құралдарын жасау қажеттігін көрсетеді. Солардың бірі электрондық есептер жинағы болып табылады.

Электрондық есептер жинағы – реттелген есептер тізбегінен тұратын ақпараттық-анықтамалық білім басылымдарының ерекше түрі болып табылады, ол білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру негізінде оқытушыға бірлескен, өз бетінше және бақылау жұмыстарын орындау үшін таңдау жасауға мүмкіндік береді [5]. Жасалынған таңдау тапсырма ретінде студенттерге дәстүрлі «қағаз арқылы» немесе электронды вариантта берілуі мүмкін. Есептер жинағы параметрленген есептер жиынынан есепті кездейсоқ генерациялау механизмінен, педагог берген шаблонға сәйкес есептерді генерациялау не іздеу механизмінен, қателерді талдау механизмінен, диагностика және педагог пен білім алушыға арналған нұсқауларды құру және т.б. механизмдерден тұруы мүмкін .

Сонымен электрондық есептер жинағы – компьютер көмегімен типтес есептерді шешу әдістерін қалыптастыруға, теориялық білімді нақты шешуді қажет ететін проблемалармен көрнекілікпен байланыстыруға мүмкіндік беретін программалық өнім болып табылады.

Электрондық есептер жинағы ең қарапайым есептерден бастап барынша күрделі есептерге дейін орындап отыруға көмектеседі. Егер студент есепті шешуге қиналып отырған болса, онда есептер жинағынан соған ұқсас шешілген есепті таңдауға болады. Есептер жинағы оқу үрдісін оңтайландыруға, өзіндік жұмысты орындау барысында студенттердің өз беттерімен жұмыс істеулерін қамтамасыз етіп, сондай-ақ әр студенттің логикалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

1. Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости /З.И. Калмыкова. - М.: Педагогика, 1981. - 200 с.
2. Рубинштейн С.Л. В природе мышления и его составе Хрестоматия по общей психологии. Психология мышления. Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.В.Петухина. - М.: Изд. МГУ, 1981.-400 с.
3. Саранцев Г.И. Упражнения в обучении математике / Г.И. Саранцев. – М : Просвещение, 1995. - 240 с.
4. Рыжова Н.И. Развитие методической системы фундаментальной подготовки будущих учителей информатики в предметной области: Дисс. ... д-ра. пед. наук / Н.И, Рыжова.- СПб, 2003. - 429 с.
5. Шекербекова Ш.Т., Туякова Н.С. // Студенттердің ойлау қабілетін дамытудағы электрондық есептер жинағының алатын орны. Журнал «Ізденіс». № 2(2) 2012. Б.267-271.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ХАБАРШЫ

“Физика-математика ғылымдары” сериясы № 2 (42)

Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркелген
№ 4824 – Ж - 15.03.2004
(Журнал бір жылда 4 рет шығады)
2000 жылдан бастап шығады

Редакторлары:**Ф.Р. Гусманова, Г.А. Абдулкаримова**

Компьютерлік беттеу: **Ф.Р. Гусманова**

Басуға 21.06.2013 ж. қол қойылды
Таралымы 300 дана
Көлемі 13,00 е.б.т.
Пішімі 60x84 1/8.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы,13
Абай атындағы ҚазҰПУ
“ЖШС Нұр-Принт”типографиясында баспадан өткен
Алматы қаласы, Хамиди көшесі, 4а

Мазмұны
Содержание

Казахский национальный педагогический университет имени Абая
ВЕСТНИК
серия “Физико-математические науки” № 2(42)

Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан, № 4824 - Ж - 15.03.2004
(периодичность – 4 номера в год)
Выходит с 2000 года

Редакторы: **Ф.Р. Гусманова, Г.А. Абдулкаримова**

Компьютерная верстка: **Ф.Р. Гусманова**

Подписано в печать 21.06.2013 г.
Формат 60х84 1/8.
Об 13,00 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз.

050010, г.Алматы, пр.Достык, 13,
КазНПУ им.Абая
Отпечатано в типографии “ТОО Нур-Принт 75” г.Алматы, ул.Хамиди 4а